

2009 жылға арналған халықтың мақсатты топтарына жататын тұлғалардың тізбесі туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 75 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 наурызда № 9-14-103 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:
 - 1) табысы аз адамдар;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 6) мүгедектер;
 - 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 8) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 9) оралмандар;
 - 10) ұзақ жұмыс істемеген адамдар (он екі айдан аса);
 - 11) жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелген елу жастан жоғары адамдар;
 - 12) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 13) алған мамандығы бойынша жұмыс өтілі және тәжірибесі жоқ жастар;
 - 14) курстық дайындық бойынша оқуды бітірген жұмыссыздар;
 - 15) білім беру орындарының түлектері;
 - 16) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім ұйымдарының түлектері;
 - 17) заңды тұлға – жұмыс берушінің жойылуына, немесе жеке тұлға – жұмыс беруші

